

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

дұрыстығына қол жеткізуге мүмкіндік береді, себебі блокчейн-технологияға енгізілген ақпаратқа өзгеріс енгізуге немесе оны базадан өшіруге мүмкіндік бермейді.

Қазіргі таңда, әлеуметтік желілерде бухгалтерлік есеп саласын және бухгалтер мамандарды жасанды интеллект алмастырады деген ақпаратты көптеп кездестіреміз. Алайда, қанша жерден жасанды интеллекттің артықшылығы көп болса да, ол адам тәрізді ойланып шешім қабылдай алмайды. Бухгалтерлер болашақта өз жұмыстарын жасанды интеллектпен алмастыру туралы алаңдамауы керек. Компанияларға әрдайым деректерді талдауға және түсіндіруге, сондай-ақ кеңес беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндігі бар бухгалтерлер қажет болады. Бухгалтердің рөлін ауыстырудың орнына, қаржылық технологиялар бухгалтер маманның міндеттерін өзгертеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 347-VI ҚРЗ. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 Қаулысы.
3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми сайты
4. Масленников В. В., Федотова М. А., Сорокин А. Н. Новые финансовые технологии меняют наш мир. – Вестник Финансового университета, 2017, № 2 (21). С. 6–11.
5. Максимова М. В. Цифровая трансформация финансовой отчетности. – Молодой ученый, 2023, № 49 (496). С. 564-566.
6. Купенова Ж.К., Баймуханова С.Б., Нурмагамбетова А. З. Цифрлық экономиканың бухгалтерлік есепке әсері. – ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ Экономика сериясы, 2021, № 3 (137). С. 92-100

## **«7-20-25» ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА КІЛТІ**

**Сапарбек Ұлжан Диасқызы**

[Uka.saparbek@gmail.com](mailto:Uka.saparbek@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университетінің 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Қайранбеков Б.О.

**Аңдатпа:** «7-20-25» Ипотекалық бағдарламасы: Қазақстандағы қолжетімді баспана кілті» мақаласында Қазақстанда ұсынылып отырған тұрғын үйді несиелендірудің инновациялық тәсілі қарастырылған. Ипотека 7/20/25 бағдарламасы қарыз алушыларға 25 жылға төмен бастапқы жарнамен және белгіленген пайыздық мөлшерлеменен тұрғын үй сатып алудың бірегей мүмкіндігін береді. Мақалада осы бағдарламаның артықшылықтары мен кешіліктері сипатталған, сондай-ақ қатысу критерийлері мен Қазақстан азаматтары үшін ықтимал жеңілдіктер көрсетілген. Бұл бағдарлама қаншалықты тиімді және ойдағыдай іске асып жатырма? Деген сұраққа жауап іздейтін боламыз.

**Кілт сөздер:** Ипотека 7-20-25 , ипотекалық бағдарлама, тұрғын үй несиесі, тұрақты пайыз мөлшерлемесі, қолжетімді баспана, экономикалық даму.

Қазақстанда ипотекаға тұрғын үй сатып алудың және жылжымайтын мүлік нарығының дамуын ынталандырудың маңызды құралы болып табылады. Дегенмен, өте жоғары ипотекалық пайыз бен ұзақ өтеу мерзімі халық үшін бір ден бір еңсерілмейтін кедергіге айналды. Соңғы жылдары Қазақстан үкіметі тұрғын үйді халық үшін қолжетімді ету үшін ипотекалық несиелендіруді қолдау бағдарламаларын белсенді түрде әзірлеуде.

Осындай инновациялық тәсілдердің бірі тұрғын үйді несиелендіру нарығында кеңінен тараған “7-20-25 Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру” бағдарламасы болды. Бұл мақалада біз осы бағдарламаның негізгі принциптері мен артықшылықтарын, сондай-ақ оның мүмкін болатын кемшіліктері мен даму перспективаларын қарастыратын боламыз.

Қазақстан Республикасының Президентінің “Президенттің бес әлеуметтік бастамасы” атты халыққа арналған үндеуінде “Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру” деп айтылған. Осыған байланысты 2018 жылы ҚР Ұлттық банкі “7-20-25 Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру” ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекітті. Осы бағдарламаға 2023 жылы толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, бұл бағдарлама ұзартылды.

Бұл бағдарламаның негізгі қағидасы – қарыз алушы 25 млн-ға дейінгі тұрғын үй құнының 7 пайызын бастапқы жарнамен төлейді, ал қалған сома белгіленген пайыздық мөлшерлеменен 20 жылға бөлінеді. Бағдарламаның негізгі артықшылықтарының бірі - дәстүрлі ипотекалық несиелермен салыстырғанда бастапқы төлемнің төмен болуы. Төмен 7% бастапқы жарнамен адамдар үй сатып алудың бастапқы шығындарын оңай басқара алады және ипотекалық несиеге қол жеткізе алады.

1-кестеде банктердің 2018 – 2022 жылдарға арналған ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруінің болжамды мәндері көрсетілген.


Кесте-1.2018 – 2022 жылдарға арналған ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруінің болжамды мәндері

Көрсеткіштер	млрд теңге				
	2018ж	2019ж	2020ж	2021ж	2022ж
Банктердің ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруі	100	150	200	250	300

Бағдарламаға баспанасы жоқ кез-келген қазақстандық қатыса алады. Алайда белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Олар:

- Қазақстан Республикасының азаматы;
- Меншік құқығымен ҚР аумағында тұрғын үйдің болмауы;
- Кәсіпкерлік немесе еңбек қызметінен тұрақты расталған кірістің болуы;
- Ипотекалық кредиттері жоқ.

Төменгі қадамдар арқылы ипотекаға халық үй ала алады.



Сурет 1. “Ипотекалық үй алу қадамдары.”

Бағдарлама бойынша банктер беретін ипотекалық тұрғын үй қарыздарының өлшемдері және Оператор сатып алатын талап ету құқықтары 2-кестедегі өлшем-шарттарға сәйкес келуге тиіс.

Кесте-2. Оператор сатып алатын талап ету құқықтарының өлшем-шарттары

<b>Бағдарлама</b>	«7-20-25»
Нысаналы мақсаты	Бастапқы тұрғын үй сатып алу
Сыйақының жылдық номиналдық мөлшерлемесі	7%
Бастапқы жарна	Кепілмен қамтамасыз ету құнының 20%-ы
Ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі	25 жылға дейін
Ипотекалық тұрғын үй қарызының валютасы	Теңге
Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны	Астана, Алматы және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралары шеңберінде олардың қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін - 25 млн теңге Қарағанды, Түркістан қалалары үшін - 20 млн теңге, басқа өңірлер үшін - 15 млн теңге
Қарыздың ең көп сомасы	Кепілмен қамтамасыз ету құнының 80%-ы
Кепілмен қамтамасыз ету	Сатып алынатын жылжымайтын тұрғын үй
Кепілмен қамтамасыз ету құны	Мыналардың: 1) тәуелсіз бағалаушы айқындаған құнның; 2) банк айқындаған құнның; 3) тұрғын үйді сатып алу жөніндегі мәміле бағасының ең аз мөлшері бойынша айқындалады.
Қарыз бергені және қызмет көрсеткені үшін комиссиялар	Ұсталмайды
Кепіл мүлкін және қарыз алушының өмірін сақтандыру	Міндетті болып табылмайды. Қажет болған кезде банк кепіл мүлкін және қарыз алушының өмірін сақтандыруды өз есебінен жүзеге асырады.
Жалғыз тұрғын үй өлшемшарттары	Белгіленбейді
Басқа да өлшемшарттар	Бір қарыз алушы бір реттен артық кредиттелмейді


«7-20-25» бағдарламасы шеңберінде әрбір қарыз алғысы келетіндер, ынтымақтастық туралы келісімдері бар «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ-мен серіктес банктерге жүгінеді:

- 1.«Банк ЦентрКредит» АҚ
- 2.«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
- 3.«Еуразиялық банк» АҚ
- 4.«Jýsan Bank» АҚ
- 5.«Bank RBK» АҚ

6.«Forte Bank» АҚ

7.«Altyn bank» АҚ

Сонғы деректер бойынша, «7-20-25 » бағдарламасы 2023 жылдың 28 желтоқсанына дейін 71699 ипотекалық қарыз 974,1 млрд тенгеге іске асырылды. Оның 25814 ипотекалық үй Нұрсұлтан қаласында 406,4 млрд тенгеге, 14462 қарыз Алматы қаласында 224,5 млрд тенгеге, 5362 қарыз Шымкент қаласында 66,5 млрд тенгеге берілді.



Сурет 2. «Ипотекалық қарыз берілген республикалық маңызы бар қалалар көрсеткіштері»

Дегенмен, артықшылықтарға қарамастан, «Ипотека 7-20-25» бағдарламасының кемшіліктері мен шектеулері де бар. Мысалы, төменгі бастапқы жарна жоғары пайыздық және сақтандыру шығындарына байланысты жалпы несие төлемінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, 20 жылға белгіленген пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қалай өзгеретініне байланысты артықшылық немесе кемшілік болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Нарықтағы пайыздық мөлшерлемелер айтарлықтай төмендесе, қарыз алушылар несиені неғұрлым тиімді шарттармен қайта қаржыландыру мүмкіндігін жіберіп алуы мүмкін.

Бұл бағдарламаның ең үлкен мәселесі бұл өз кезегімді күту. Бүгінгі таңда пәтерге деген сұраныс бар, бірақ ұсыныс төмен. Себебі 25 млн тенгеге бір немесе екі бөлмелі үй келеді, ал ол үйлерді салынбай тұрып қолма-қол ақшаға немесе алдын ала төлемге сатып алып жатыр. Яғни ипотека алатын үйлер жеткіліксіз және сұраныс жоғары. Аман Абденовтың (Жылжымайтын мүлік сарапшысы) ойы бойынша осы бағдарламаны жаңа деңгейге ұлғайту қажет. Нәтижесінде шектеуді 30-40 млн тенгеге дейін қарастыру қажет. Осылайша қазіргі күнде бұл сомаға сұранысы аз, қолжетімді 3-4 бөлмелі үй алуға болады.

Қорытындалай, жалпы алғанда, «7-20-25 » бағдарламасы өз үйін сатып алғысы келетін көптеген адамдар үшін жаңа перспективалар ашады. Бұл бағдарлама тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға көмектеседі және жылжымайтын мүлік нарығының дамуын ынталандырады, жалпы қоғамның экономикалық дамуына оң әсер етуі мүмкін. Халықтың тұрмыс жағдайын жақсартып, сапалы баспанамен қамтамасыз етуге септігін тигізетін осындай жаңашылдықтар әлі де жалғасын табады деген сенім бар. Алайда, 2018 жылдан бері іске асырылып келген бұл бағдарламаға толықтырмалар мен жаңа бағыттар енгізу қажет. Жоғарыда айтылып кеткендей, бұл бағдарламаны бүкіл Қазақстанды қамтитын 7-20-40(35) сияқты жаңа дәрежеге жеткізу қажет.

## Қолданылған әдебиеттер

- 1.Қазақстан Ұлттық банкінің «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы қаулысы
- 2.Ұлттық банк ресми сайты /[Электрондық ресурс]URL:<https://www.nationalbank.kz/kz>
- 3.Egov.kz, ресми сайты /[Электрондық ресурс]URL:  
[https://egov.kz/cms/kk/articles/buy\\_sale/ipoteka\\_72025](https://egov.kz/cms/kk/articles/buy_sale/ipoteka_72025)

УДК 33. 338.583

## АНАЛИЗ БЕЗУБЫТОЧНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ КАК ОСНОВА ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ ЗАТРАТАМИ И ФИНАНСОВЫМИ РЕЗУЛЬТАТАМИ.

**Сайран Рада**

*sayran.rada@gmail.com*

Студент бакалавриата Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина  
Научный руководитель – Ахметова А.Е.

Актуальность темы статьи обусловлена необходимостью для предприятий постоянно контролировать свои издержки и учитывать особенности формирования себестоимости на своем предприятии для принятия оптимальных управленческих решений.

Анализ точки безубыточности - финансовый инструмент, который помогает компании определить этап, на котором компания, новая услуга или продукт станут прибыльными. Другими словами, это финансовый расчет для определения количества продуктов или услуг, которые компания должна продать или предоставить, чтобы покрыть свои затраты(особенно постоянные затраты).

Взгляды различных авторов и роль анализа безубыточности по их мнению представлена в таблице 1.

Таблица 1. Определение анализа безубыточности

Автор	Взгляд	Роль анализа безубыточности
<b>А. Д. Шеремет[1]</b>	Анализ безубыточности - метод определения минимального объема продаж, при котором предприятие не получает ни прибыли, ни убытка.	1. Определение минимального объема продаж для покрытия всех затрат. 2. Оценка влияния различных факторов на безубыточность. 3. Планирование объема продаж и цены продукции.
<b>В. В. Ковалев[2]</b>	Анализ безубыточности - инструмент оценки финансовой устойчивости предприятия.	1. Оценка финансовой устойчивости предприятия. 2. Определение запаса прочности предприятия. 3. Выявление резервов снижения безубыточного объема продаж.
<b>О. В. Ефимова[3]</b>	Анализ безубыточности - метод оценки влияния различных факторов на прибыль предприятия.	1. Оценка влияния различных факторов на прибыль. 2. Поиск путей повышения прибыльности предприятия. 3. Разработка стратегии развития предприятия.

Анализ точки безубыточности сравнивает доходы от продаж с постоянными затратами на ведение бизнеса. Основные компоненты анализа точки безубыточности включают постоянные затраты, переменные затраты, выручку и точку безубыточности( далее - CVP). При расчете CVP компании определяют количество продаж, необходимое для покрытия всех постоянных затрат и начала получения прибыли. В основе анализа безубыточности лежит формула[4]:

$$\text{Прибыль} = \text{Доходы} - \text{Расходы} = \text{Цена} \times \text{Объем производства} - \text{Переменные расходы} - \text{Постоянные расходы. (1)}$$

Для рассмотрения методики анализа безубыточности и расчета его базовых показателей